

10. Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 15-тармағына сәйкес «Корпоративтік хатшыға қатысты ұйымда лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді.»

Кодекстің осы талапты ҚМГ есепті кезеңде сақтамады. Есепті кезеңде Корпоративтік хатшы қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде Компанияның бірінші кезектегі міндеттеріне шоғырланды, ал бөлімшенің жекелеген тікелей іс-шаралары Covid-19-ға байланысты ресурстардың жеткіліксіздігі себебінен кейінге қалдырылды. Корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар Корпоративтік хатшы қызметінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына енді.

11. Кодекстің 2-бөлімінің 6-тарауының 3-тармағына сәйкес «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін басшы тәуекелдің иесі болмауы ұсынылады, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық шешімдер қабылдауға байланысты функциялармен қоса атқаруға тыйым салынады. Егер мүдделердің елеулі қақтығысы туындамаса, басқа функциялармен біріктіруге жол беріледі.»

Кодекстің осы талабын ҚМГ есепті кезеңде жалпы сақтады. ҚМГ-ның қолданыстағы ұйымдық құрылымына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі (бұдан әрі – ТБ және ІБК) Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады. ТБ және ІБК басшысы бірде-бір тәуекелдің иесі болып табылмайды және, тиісінше, мүдделер қақтығысы жоқ. Бұдан басқа, Атқарушы органның жанындағы Комитеттерге ТБ және ІБК басшысының тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшенің өкілі ретінде толыққанды дауыс беру құқығымен дербес және тәуелсіз қатысуы қамтамасыз етілді.

12. Кодекстің 2-бөлімі 7-тарауының 6-тармағына сәйкес «Интернет-ресурста ең кем дегенде мынадай ақпарат болуы тиіс:

- мәміленің тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің нысанасы, мәміленің бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтерді қоса алғанда, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы ақпарат;
- мәміленің тараптары (мәміленің нысанасы, мәміленің бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі мәмілелер туралы ақпарат».

Кодекстің осы талабын ҚМГ есепті кезеңде жалпы сақтады. 2021 жылдан бастап ҚМГ корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылатын ҚМГ Жылдық есебіне «Ірі мәмілелер және жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы мәліметтер» бөлімі енгізілді.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ірі мәмілелер

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі болып танылатын мәмілелер¹ бойынша шешімдер қабылдамады.

Мүдделілік бар мәмілелер

Есепті кезеңнің 3-ші тоқсанында ҚМГ Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүдделілік бар мәмілелер деп танылатын және құны ҚМГ активтерінің жалпы баланстық құнының 10% және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығаруға байланысты бір мәміле бойынша шешім қабылдады. Бұл шешім «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ арасында сатып алу-сату шартын жасасу арқылы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның («QazaqGaz» ҰК АҚ) 100% жай акцияларын иеліктен шығару болып табылады. 2021 жылғы 9 қарашада «QazaqGaz» ҰК АҚ жай акциялары «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына толық берілді. Иеліктен шығарылатын активтің сомасы пайыздық қатынаста ҚМГ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 13%-ын құрайды.

¹ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес нәтижесінде құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 25% және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы ірі мәміле деп танылады.